

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Мойынқұм ауданының  
білім бөлімінің  
«Балдәурен» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорнының өзін-өзі бағалау  
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«30» маусым 2025 жыл  
Биназар ауылы

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Мойынқұм ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Биназар ауылы

«30» маусым 2025 жыл

**1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:**

1) Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы):

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Мойынқұм ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Биназар ауылы, Ж.Әлімқұлов көшесі, №3 «А». Пошта индексі 080604.

2) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт):

Телефон: 8(777) 387-22-11

Электронды почта: [baldauren-2021@mail.kz](mailto:baldauren-2021@mail.kz), web-сайт <https://baldauren-moyinkum.kz/kz/>

3) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер):

Меңгеруші – Ташмаганбетова Ботагоз Болатовна

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Мойынқұм ауданының білім бөлімі» КММ

- 2006 жылдың 15 қыркүйектегі №137 тағайындау бұйрығы;

- 2021 жылдың 02 ақпандағы № 19 «Қайта тағайындау туралы» бұйрығы

4) Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:

Жамбыл облысы әкімдігінің 2022 жылғы 16 тамыздағы №188 қаулысымен бекітілген «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Мойынқұм ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ЖАРҒЫСЫ.

Қосымша Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының білім бөліміне карасты кейбір мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жарғыларына өзгерістер енгізу туралы Жамбыл облысының әкімдігінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 9 қаулысымен бекітілген.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жамбыл облысы бойынша филиалының Мойынқұм аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі 2022 жылғы 28 қыркүйектегі Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама

БСН 061140006560

5) Рұқсат етуші құжаттар:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы KZ64RVK00031733 Берілген күні: 05.02.2021

2021 жылғы 11 ақпан күні Алғашқы медициналық-санитариялық көмек – Дәрігерге дейінгі көмек беру үшін берілген №21006656 номерлі Лицензия.

Лицензиар: «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі.

## **2. Кадрлық құрамға талдау**

**Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі)**

**педагогикалық білімі бар педагогтар туралы мәліметтер немесе**

**педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаттар, оның ішінде**

**базалық білім жоқ педагогтар туралы мәлімет, кемінде бес жылда бір**

**рет педагогтардың біліктілік санатының деңгейін арттыруы/растау**

**туралы мәлімет**

**2022 - 2023 оқу жылдары педагогикалық ұжымда - жалпы 8 педагог қызмет атқарды, оның ішінде:**

Жоғары білімді – 4 педагог- 50 %

Оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білімі бары – 3 педагог – 37,5 %

Арнаулы-орта білімдісі – 4 педагог 50 %

Оның мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білімі бары – 3 педагог- 37,5 % базалық білімі жоқ педагог жоқ.

**2023 - 2024 оқу жылдары педагогикалық ұжымда - жалпы 9 педагог қызмет атқарды, оның ішінде:**

Жоғары білімді – 4 педагог- 44,4%

Оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білімі бары – 3 педагог – 33,3 %

Арнаулы-орта білімдісі – 5 педагог 55,5%

Оның мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білімі бары – 4 педагог- 44,4 % , базалық білімі жоқ педагог жоқ.

**2024 - 2025 оқу жылдары педагогикалық ұжымда - жалпы 9 педагог қызмет атқарады, оның ішінде:**

Жоғары білімді – 4 педагог- 44,4 %

Оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білімі бары – 3 педагог – 33,3%

Арнаулы-орта білімдісі – 5 педагог 55,5%

Оның мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша білімі бары – 4 педагог- 44,4% , базалық білімі жоқ педагог жоқ.

2) мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

**2022-2023** оқу жылында меңгеруші Ташмағанбетова Ботағоз Болатовна өтпеген.

**2023-2024** оқу жылы меңгеруші Ташмағанбетова Ботағоз Болатовна «Ұйымдастырушы-басшы» біліктілік санаты берілді 16.08.2023 жыл №271 бұйрығы

**2024-2025** оқу жылы меңгеруші Ташмағанбетова Ботағоз Болатовна «Ұйымдастырушы-басшы» біліктілік санаты берілді 16.08.2023 жыл №271 бұйрығы

3) кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

**2022-2023** оқу жылында 8 педагог, оның ішінде II санатты – 1 -12,2%

Санаты жоқтар – 7 – 87,5 %

**2023-2024** оқу жылы 9 педагог, оның ішінде

Басшы-ұйымдастырушы -1-11,1 %

II санатты – 1-11,1%

Педагог-модератор- 1- 11,1%

Санаты жоқтар – 6- 66,6 %

**2024-2025** оқу жылы 9 педагог, оның ішінде

Басшы-ұйымдастырушы -1-11,1 %

Педагог-модератор- 3- 33,3 %

Санаты жоқтар – 5-55,5 %

4) кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

**2022-2023 оқу жылы** біліктілігін арттырған меңгеруші – **Ташмағанбетова Ботағоз Болатовна** «Педагогикалық шеберлік орталығы "Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті" 02.07.2021 ж. 80 академиялық сағат.

**Мухатаева Рабига Рахимхисаевна- әдіскер** «Даму» Республикалық педагогикалық-психологиялық дамыту орталығының «Бастауыш сынып пен мектепке дейінгі ұйымдарда тың инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары» №9113 04.03.2021 ж 72 сағат.

**Жакашева Лаура Төлебайдиевна –психолог** «Даму» Республикалық педагогикалық-психологиялық дамыту орталығының «Бастауыш сынып пен мектепке дейінгі ұйымдарда тың инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары» №9112 04.03.2021 ж 72 сағат.

Қорыта айтар балсақ 2021-2022 оқу жылында 50 % педагог біліктілігін арттырды.

**2023-2024 оқу жылында** төмендегі педагогтер біліктілігін арттырды  
**Мухатаева Рабига Рахимхисаевна- әдіскер** Республикалық «Өрлеу» ғылыми-әдістемелік орталығы «Әдіскер» мамандығы бойынша толық қайта даярлау курсы аяқтады 18.08.2023 ж 700 сағат.

**Ақбаева Каракоз Камбаровна – тәрбиеші** «Өрлеу» БАҰО «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» 72 сағат 21.09.2023 №0677486.

Республикалық «Өрлеу» ғылыми-әдістемелік орталығы «Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешісі» мамандығы бойынша толық қайта даярлау курсы аяқтады 20.11.2023 ж 700 сағат

**Дузбаева Айжан Мырзабековна – тәрбиеші** «Өрлеу» БАҰО «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» 72 сағат 21.09.2023 №0677494

**Жакашева Лаура Төлебейдиевна – психолог** Республикалық «Өрлеу» ғылыми-әдістемелік орталығы «Психология» мамандығы бойынша толық қайта даярлау курсы аяқтады 08.12.2023 ж 700 сағат

Қорыта айтар болсақ 2023-2024 оқу жылында 50 % педагог біліктілігін арттырды.

**2024-2025 оқу жылында** төмендегі педагогтер біліктілігін арттырды.

**Мухатаева Рабига Рахимхисаевна- әдіскер** «Өрлеу» БАҰО «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» 80 сағат 19.07.2024 № 0091371

**Имашева Газиза Төлеуовна- тәрбиеші** «Өрлеу» БАҰО «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» 80 сағат 02.08.2024 № 0092039

**Нурғалиева Талшын Кусаиновна – тәрбиеші** «Өрлеу» БАҰО «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» 80 сағат 02.08.2024 № 0092036

**Төлеуова Ақбаян Ермұратқызы- тәрбиеші** «Өрлеу» БАҰО «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» 80 сағат 02.08.2024 № 0092037

**Дүкенбаева Жанат Саматқызы – тәрбиеші** «Өрлеу» БАҰО «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту» 80 сағат 02.08.2024 № 0092038

**Ташмаганбетова Ботагоз Болатовна – меңгеруші** Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың заманауи тәсілдері мен құралдары» 26.05.2025- 06.06.2025 ж 80 академиялық сағат №020384.

Қорыта айтар болсақ 2024-2025 оқу жылдары 66,6% кемінде үш жыл ішінде 100% педагогтер білімін арттырған

### 3. Тәрбиеленушілер контингенті:

1) жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер:

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілер жоқ.

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілер болмағандықтан топ топтастырылған жоқ.

3) әр түрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында әр түрлі жас топтары топтастырылған жоқ.

4) білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

| Топтар         | 2022-2023 ж | 2023-2024 ж | 2024-2025 ж |
|----------------|-------------|-------------|-------------|
| Кіші топ       | 15          | 30          | 15          |
| Ортаңғы топ    | 15          | 25          | 15          |
| Ересек топ     | 25          | -           | 25          |
| <b>Барлығы</b> | <b>55</b>   | <b>55</b>   | <b>55</b>   |

5) білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер

| Оқу жылы            | Бала саны |
|---------------------|-----------|
| 2022-2023 оқу жылы  | 55        |
| 2023 -2024 оқу жылы | 55        |
| 2024-2025 оқу жылы  | 55        |

6) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау:

| Оқу жылы    | Барлық бала саны | Топ саны | Кіші топ | Ортаңғы топ | Ересек топ |
|-------------|------------------|----------|----------|-------------|------------|
| 2022-2023 ж | 55               | 3        | 1        | 1           | 1          |
| 2023-2024 ж | 55               | 3        | 2        | 1           | -          |
| 2024-2025 ж | 55               | 3        | 1        | 1           | 1          |

7) 1-сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру мерзімдерін сақтау:

#### **2022-2023 оқу жылында**

1 кіші топ 15 бала – 2 жастан бастап;

1 ортаңғы топ 15 бала - 3 жастан бастап;

1 ересек топ 25 бала - 4 жастан бастап;

#### **2023-2024 оқу жылында**

2 кіші топ 30 бала – 2 жастан бастап;

1 ортаңғы топ 25 бала - 3 жастан бастап;

#### **2024-2025 оқу жылында**

- 1 кіші топ 15 бала – 2 жастағы балалар;
- 1 ортаңғы топ 15 бала - 3 жастағы балалар;
- 1 ересек топ 25 бала - 4 жастағы балалар;

#### **4.0қу –әдістемелік жұмыс:**

1) Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

**2022-2023 оқу жылында** мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру үшін ҚР оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды. Осы Стандарттың негізінде жасалған және 2022 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізілген Үлгілік оқу жоспарын және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілде № 59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарының» негізінде әзірленіп енгізілді.

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасында балалардың жас ерекшеліктеріне қарай 3 топ ұйымдастырылған, оқыту тілі – қазақ тілі. Кіші жас «Құлпынай»

тобы - 1 , ортаңғы топ «Балапан»– 1, ересек «Күншуақ» тобы – 1.

Педагогтерге бағыт бағдар ретінде, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы «Әдістемелік нұсқаулық хат» негізге алынады [www.irrd.kz](http://www.irrd.kz)

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

Стандарт негізінде және ҰОЖ сәйкес физикалық дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, патриоттық сезімін оята отырып балаларға физикалық және экологиялық тәрбие дағдыларын қалыптастыру мақсаты бойынша жыл бойынша жұмыс жүргізіледі. Міндеттер: Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны модернизациялау. Балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын, танымдық, зияткерлік белсенділігін зерттеу іс-әрекеті арқылы

қалыптастыру.Мектепке дейінгі білім берудің бөбекжай-бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіруде педагогтардың кәсіби кұзіреттілігін арттыру.

**2023 -2024 оқу жылында** «Балдәурен» бөбекжай-бақшасында әдістемелік нұсқаулық хатқа сүйене отырып,білім беру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, 3 тамыз 2022 жылдың № 348 бұйрығының 1 қосымшасы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің 20.12.2012ж №557 бұйрығына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сүйене отырып,мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарына,мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасынан әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес жоспар кұрылды.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібінің әрбір сәтінің ұзақтығы, балаларды «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы (ҚР денсаулық сақтау министрлігінің 9-шілдеде 2021 жылғы №59бұйрығы ( Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 №137 Қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамыту моделі басшылыққа алынды.

#### **Ұйымдастырылған іс –әрекет:**

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық кұндылықтарына, отбасылық кұндылықтарға , патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени әлеуметтік нормаларға баулу,қауіпсіз мінез-кұлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтың ойын түріндегі балалар әрекеті ойын,қимыл, танымдық,шығармашылық,зерттеу,еңбек,дербес) арқылы ұйымдастырылған кіріктірілген іс-әрекеті.Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту,әндерін жаттау, импровизация ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету,түрлі тәрбиешілер әрекетінде тәрбиеленушілердің ауыз екі байланыстырып сөйлеуін дамыту , сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттарымен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым қатынасты игерту ұсынылады.

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасында 55 тәрбиеленуші бар. Жас ерекшеліктеріне қарай 3-топқа бөлінеді «Құлпынай» кіші тобында-15

тәрбиеленуші, «Балапан» кіші тобында-15 тәрбиеленуші, «Күншуақ» ортаңғы тобында -25 тәрбиеленуші тәрбиеленуде.

**2024 – 2025 оқу жылында** «Балдәурен» бөбекжай – бақшасында тәрбиелеу,білім беру қызметін : «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартына ,Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамызындағы №499 бұйрығы мен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы.

«Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалар 30 қазан 2018 жылғы №595 бұйрығымен бекітілген,Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес жоспар құрылды. Үлгілік бағдарламаның мазмұны, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға,патриотық сезімге, отанға деген сүйіспеншілікке, ұлттық мәдениетке қызығушылықтарын арттыру, мәдени- әлеуметтік нормаларға баулу қауіпсіз-мінез қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түрінде түрлі балалар әрекеті арқылы ұйымдастырылатын іс-әрекет өткізеді.

Мектепке дейінгі жаста мемлекеттік тілді ерте үйрену баланың жеке басының үйлесімді, дамуына халықтың дәстүрлерімен, салт-дәстүрлерімен, халық ауыз әдебиеті шығармашылығымен танысуға және қабылдауға ықпал етеді.

Күн тәртібінің әрбір сәтінің ұзақтығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің 9 шілдеде 2021 жылғы №59 бұйрығы басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021жылғы 15 наурызындағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың дамыту моделі басшылыққа алынды. Аталған модельді іске асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны

трансформациялауға бағытталған.Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың **2023-2029** жылға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне,білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі өзектендірілген жұмыс.

#### **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**

-Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, қазақ тіліне үйрету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі балаларәрекеті(ойын,қимыл,танымдық,шығармашылық,зерттеу,еңбек,дербе с)арқылы ұйымдастырылған кіріктірілген сабағы. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау,ән айту,әндерін жаттау, импровизация,ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарда ойнаужәне басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

-Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

-Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі тәрбиешілер әрекетінде тәрбиеленушілердің ауыз екі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай- ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру,белсенді сөздік байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

-Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау

-МДҰ мен ата аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту,«Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі»

-Экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру

**«Балдәурен» - бөбекжай бақшасында** Барлығы-55 бала ересек «Күншуақ» тобында -25 бала, ортаңғы «Балапан» тобында -15 бала, кіші «Құлпынай» тобында-15 бала тәрбиеленуде

**Мерекелік ертеңгіліктерді де педагогтар жылдық жоспарға сай, өз кезегімен өтті.** «Білім менің ертеңім», «Ана тілім-тірегім», «Арайлы алтын күз», «Менің Отаным-Қазақстан», «Қош келдің Жаңа жыл!», «Аналар асыл жандар!», «Наурыз келді құт алып!», «Денсаулық мерекесі!», , «Ынтымақ достық күні!»«Ұлы жылдарға бас иеміз»«Мектепке барар күн жақын», «Балалық шақ-бұл мен және сен» педагогтар жылдық жоспарға сай өткізді.

**Ашық ұйымдастырылған оқу-қызметін педагогтар мынандай тақырыппен өтті.** «Күз кереметі», «Сиқырлы айна», «Ертегілерде қонақта» «Қызықты ойындар әлемінде», «Қысқы серуен», «Аңдар бізде қонақта»

түсінік бере отырып, қамқорлық пен еңбексүйгіштікке баулып, бөбекжай-бақшаның бағыты бойынша тәрбиеледі.

**Балалармен жұмыс:** Балаларды қауіпсіздік ережесімен таныстырып, бірге жұмыстар жүргізді. Төмендегідей тақырыпта 4-жасар балалармен

1. ”Жедел қызметтермен байланыс орталықтарының телефон номерлері”
2. “Жедел қызметтерге қалай қоңырау шалуға болады”
3. “Топтағы қауіпсіз мінез құлық қағидалары”
4. “Өзің туралы негізгі ақпаратты есте сақтаймыз
5. ”Абайлаңыз, терезе”
6. “Үйдегі қауіпсіз мінез құлық қағидалары”
7. “Есік қағылған жағдайда қалай дұрыс жауап беру керек?”
8. “Көшедегі бейтаныс адамдардың ұсыныстарына қалай жауап беруге болады?”
9. “Ойын алаңдарындағы мінез құлық қағидалары”

3) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы:

МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі мен сақталуы:

«Балдәурен» бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушілерді оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Бөбекжай-баспасында тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар жұмыс оқу жоспарында белгіленеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар:

Үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша меңгеруге тиісті білім, білік, дағдылар көлемін табысты игеруге және құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс. Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарасын анықтап, дұрыс тәрбие беруге бағыттау. Гигиеналық шараларды орындауда өзіне-өзі қызмет ету және өзара көмек көрсету дағдыларына ие, шынықтырудың барлық әдістерін біледі және орындайды. Гигиеналық шараларды өздігінен орындайды. Негізгі қимыл түрлерін орындау кезінде шығармашылық танытады. Ағзаны шынықтыру және дене сымбатын сақтау тәсілдерін біледі. Күн тәртібін сақтайды. Сөйлеу тіліне сыни көзқарас таныта алады, грамматикалық дұрыс сөйлеуге тырысады. Қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда әдептілік сөздерін қолдана біледі. Сөздік қоры жақсы, сұрақтарға жауап бере алады, негізгі ойды жеткізе алады. Құрастырудың бірнеше және қарапайым жинақтау тәсілдерін меңгерген, түстерді, геометриялық пішіндерді ажыратады, тура және кері санайды. Есте сақтау қабілеттері жақсы. Бейнелеудің техникалық тәсілдері мен құралдарын өз бетінше үйренудің дағдылары мен әдістерін меңгерген.

## 5. Оқу-материалдық активтер:

**1) Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жылы, жобалық қуаты, ағымдағы және күрделі жөндеу өткізуге қажеттілік және басқалары):**

Бөбекжай-бақша ғимараты ыңғайластырылған, 832 м2, салынған жылы 1990 жыл. Жобалық қуаты 65 бала, 3 топ. Күрделі жөндеу өткізуді қажет етеді. Топ бөлмелерінің саны -3, медициналық бөлмелер -1, әдіскер кабинеті-1, акт залы –1 , Аулада көлеңке қалқа-3. Бейнебақылау камераларының саны -16 , оның ішінде: ғимарат ішінде-9, сыртында-2, топтарда-5.

**2) Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат:** Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ- 59 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын сақтай отырып жасақталған. «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы жиһаз және жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Барлық 3 топта ойын бөлмесінде шкафтар қабырғаға бекітілген, биіктігі бала бойына ыңғайластырылып қойылған, баланың еркін ойыншықтармен ойнауына жағдай жасалған. Үстелдер мен орындықтар 25 данадан, әр жас ерекшелікке сай биіктікте, жатын бөлмесінде 25 төсектен , бір жатын орынға үш төсек-орын жиынтығымен қарастырылған. Төсек-орын жабдықтары, орамалдар, тарақтар әр балаға жеке бөлінеді, ашық ұяшықтарда сақталады. Киім шешетін бөлмелер әр балаға сыртқы киімге арналған шкафтармен және орындықтармен жабдықталған. Толық 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына жасалған мәліметтер 4-қосымшаға сәйкес ұсынылды.

### Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымша

**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер**

| №                                          | Атауы                       | Өлшем бірлігі | Саны |
|--------------------------------------------|-----------------------------|---------------|------|
| <b>Білім беру ұйымы басшысының кеңсесі</b> |                             |               |      |
| 1                                          | Жиынтықтағы басшының үстелі | жиынтық       | 1    |
| 2                                          | Басшының креслосы           | дана          | 1    |
| 3                                          | Жартылай жұмсақ орындық     | дана          | 3    |
| 4                                          | Кабинетке арналған шкаф     | дана          | 2    |
| 5                                          | Телефон                     | дана          | 1    |

|                                                 |                                                                                                                 |         |                                   |
|-------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|-----------------------------------|
| 6                                               | Микрофон-телефон гарнитурасымен және web-камерамен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер | жиын    | 1                                 |
| 7                                               | Көп функциялы құрылғы (көшірме/принтер/сканер)                                                                  | дана    | 1                                 |
| 8                                               | Желілік фильтр                                                                                                  | дана    | 2                                 |
| 9                                               | Акустикалық жүйе                                                                                                | дана    | 1                                 |
| 10                                              | Өртке төзімді сейф                                                                                              | дана    | 1                                 |
| <b>Әдістемелік кабинет / мұғалімдер бөлмесі</b> |                                                                                                                 |         |                                   |
| 19                                              | Кабинетке арналған үстел                                                                                        | дана    | (жалпы педагогтердің санынан 30%) |
| 20                                              | Жартылай жұмсақ орындықтар                                                                                      | дана    | (жалпы педагогтердің санынан 30%) |
| 21                                              | Кабинетке арналған шкаф                                                                                         | дана    | 2                                 |
| 22                                              | Микрофон-телефон гарнитурасымен және web-камерамен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер | дана    | 1                                 |
| 23                                              | Көп функциялы құрылғы (көшірме/принтер/сканер)                                                                  | дана    | 1                                 |
| 24                                              | Интерактивті панель                                                                                             | жиын    | 1                                 |
| 25                                              | Маркерлік тақта/бұрылмалы бор                                                                                   | дана    | 1                                 |
| 26                                              | Керек-жарақтары бар дәрі қобдишасы                                                                              | дана    | 1                                 |
| 27                                              | Ксероксқа арналған қағаз                                                                                        | бума    | 1                                 |
| 28                                              | Маркер тақтасына арналған өшіргіш                                                                               | дана    | 1                                 |
| 29                                              | Қоқыс себеті                                                                                                    | дана    | 1                                 |
| 30                                              | Маркер тақтасына арналған магниттер                                                                             | жиынтық | 3                                 |
| 31                                              | Тақтаға арналған маркер                                                                                         | дана    | 8                                 |
| 32                                              | Желілік фильтр                                                                                                  | дана    | 2                                 |
| 33                                              | Акустикалық жүйе                                                                                                | дана    | 1                                 |
| <b>Әдіскердің кабинеті</b>                      |                                                                                                                 |         |                                   |
| 35                                              | Кабинетке арналған үстел                                                                                        | дана    | 2                                 |
| 36                                              | Жартылай жұмсақ орындықтар                                                                                      | дана    | 4                                 |
| 37                                              | Кабинетке арналған шкаф                                                                                         | дана    | 1                                 |
| 38                                              | Телефон                                                                                                         | дана    | 1                                 |

|             |                                                                                                                  |                                                   |                                        |                                 |                                   |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|----------------------------------------|---------------------------------|-----------------------------------|
| 39          | Микрофон-телефон гарнитурасымен және вweb-камерамен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер | жиын                                              | 1                                      |                                 |                                   |
| 40          | Көп функциялы құрылғы (көшірме/принтер/сканер)                                                                   | дана                                              | 1                                      |                                 |                                   |
| 41          | Желілік фильтр                                                                                                   | дана                                              | 2                                      |                                 |                                   |
| 42          | Акустикалық жүйе                                                                                                 | дана                                              | 1                                      |                                 |                                   |
| Бухгалтерия |                                                                                                                  |                                                   |                                        |                                 |                                   |
| 34          | Кабинетке арналған үстел                                                                                         | дана                                              | 1                                      |                                 |                                   |
| 35          | Жартылай жұмсақ орындықтар                                                                                       | дана                                              | 2                                      |                                 |                                   |
| 36          | Кабинетке арналған шкаф                                                                                          | дана                                              | 1                                      |                                 |                                   |
| 37          | Телефон                                                                                                          | дана                                              | 1                                      |                                 |                                   |
| 38          | Өртке төзімді сейф                                                                                               | дана                                              | 1                                      |                                 |                                   |
| 39          | Микрофон-телефон гарнитурасымен және web-камерамен жабдықталған интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер  | жиын                                              | 1                                      |                                 |                                   |
| 40          | Көп функциялы құрылғы (көшірме/принтер/сканер)                                                                   | дана                                              | 1                                      |                                 |                                   |
| 41          | Желілік фильтр                                                                                                   | дана                                              | 2                                      |                                 |                                   |
|             |                                                                                                                  | Топтардың толымдылығына байланысты бірліктер саны |                                        |                                 |                                   |
|             |                                                                                                                  | Өлшем бірлігі                                     | Бөбекжасы (ерте жастағы топ, кіші топ) | Мектепке дейінгі жас (орта топ) | Мектепке дейінгі жас (ересек топ) |

### **Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары**

|    |                                                                         |         |   |   |    |
|----|-------------------------------------------------------------------------|---------|---|---|----|
| 42 | Әр түрлі көлемдегі пирамида                                             | дана    | 2 | 2 |    |
| 43 | Ермек-ойыншық                                                           | дана    | 8 | 5 |    |
| 44 | Баулармен, түймелермен, белдіктермен, құлыптармен және үстел үсті ойыны | дана    | 6 | 6 |    |
| 45 | Қуыршақ                                                                 | дана    | 4 | 4 | 4  |
| 46 | Ұлттық киімдегі қуыршақ                                                 | жиынтық |   | 1 | 1  |
| 47 | Маусымдық киімдегі қуыршақ                                              | дана    |   | 1 | 1  |
| 48 | Қуыршақ театрының жиынтығы                                              | жиынтық |   | 2 | 2  |
| 49 | "Киіз үй және оның жабдықтары" ойын жиынтығы                            | жиынтық |   | 1 | 1  |
| 50 | Ойыншық жиһаз                                                           | дана    |   | 3 | 3  |
| 51 | Ойыншық ыдыстар жиынтығы                                                | жиынтық |   | 3 | 3  |
| 52 | Машина                                                                  | дана    | 6 | 6 | 6  |
| 53 | Көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы)                            | жиынтық |   | 5 | 5  |
| 54 | Құммен ойнауға арналған жиынтық                                         | жиынтық |   | 5 | 5  |
| 55 | Ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық                  | дана    |   | 5 | 10 |
| 56 | Ірі моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық                   | дана    | 5 |   |    |

|                                                                                         |                                                                                                                                       |         |   |    |    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|---|----|----|
| 57                                                                                      | Ойыншық арба                                                                                                                          | дана    | 5 |    |    |
| 58                                                                                      | Ойыншық (жануарлар, құстар)                                                                                                           | жиынтық | 3 | 5  | 5  |
| 59                                                                                      | Туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар                                                                                            | жиынтық |   | 1  | 1  |
| 60                                                                                      | Тақырыптар бойынша заттық суреттер жиынтығы                                                                                           | жиынтық |   | 1  | 1  |
| 61                                                                                      | Сюжетті суреттер                                                                                                                      | жиынтық | 1 | 3  | 5  |
| 62                                                                                      | Кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегілер (жиынтықта 15 кітаптан кем емес)                                | жиынтық | 2 | 2  | 3  |
| 63                                                                                      | Көкөністер мен жемістердің муляждары                                                                                                  | жиынтық |   | 2  | 2  |
| 64                                                                                      | Фланелеграф                                                                                                                           | дана    | 1 | 1  | 1  |
| <b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары</b> |                                                                                                                                       |         |   |    |    |
| 65                                                                                      | Дидактикалық ойындар (санау, түс, өлшем, геометриялық пішіндер, тірі және өлі табиғат, жыл мезгілдері, кеңістікпен уақытты бағдарлау) | дана    | 5 | 5  | 5  |
| 66                                                                                      | Сенсорлық дамытуға арналған дидактикалық ойын материалдары: (визуалды, аудио, тактильді)                                              | жиынтық | 1 | 1  | 1  |
| 67                                                                                      | Ірі бөлшектері бар конструктор (ағаш немесе пластмасса)                                                                               | жиынтық | 3 |    |    |
| 68                                                                                      | Ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор                                                                                     | жиынтық |   | 3  | 3  |
| 69                                                                                      | Демонстрациялық геометриялық пішіндер жиынтығы                                                                                        | жиынтық |   |    | 1  |
| 70                                                                                      | Үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы                                                                                            | жиынтық |   |    | 5  |
| 71                                                                                      | Жазық геометриялық пішіндр жиынтығы                                                                                                   | жиынтық |   |    | 3  |
| 72                                                                                      | Өртүрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер                                                                                    | жиынтық |   | 25 | 25 |
| 73                                                                                      | Сандар қассасы                                                                                                                        | дана    |   | 25 | 25 |
| 74                                                                                      | Санау материалы                                                                                                                       | жиынтық |   | 25 | 25 |
